

"Ерейментау ауданында мүгедектер үшін, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Ерейментау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 21 ақпандагы № А-2/57 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 6 қарашадағы № а-11/550 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 27 қарашада № 5096 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 1 сәуірдегі № а-4/126 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 1 сәуірдегі № а-4/126 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

РҚАО-ның ескертпесі.

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сакталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Ерейментау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Ерейментау ауданында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы", Ерейментау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 21 ақпандагы № А-2/57 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің № 1-9-168 тізілімінде тіркелген, аудандық "Ереймен" газетінде 2011 жылғы 26 наурызда, және аудандық "Ерейментау" газетінде 2011 жылғы 26 наурызда жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Ерейментау ауданында мүгедектер, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас

бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық үйлімдарды бітірген кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санының үш пайызы көлемінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Е.Әлжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ерейментау ауданының әкімі*

*E.Нұғыманов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК